

ӘОЖ 327(574)(560)

**ҚАЗАҚСТАН-ТҮРКИЯ ҒНТЫМАҚТАСТЫҒЫ:
ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ДАМУЫ**

Кеңпейілулы Жанарбек

k_janarbek@yahoo.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ журналистика және саясаттану факультетінің
магистранты, Нур-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекші: Қаленова Т.С

Қазақстан тәуелсіздік алған кезден бастап Елбасы Түркиямен және басқа да түркітілдес мемлекеттермен тығыз қарым-қатынас орнатуда маңызды қадамдар жасады. Түркия Республикасы өз ретінен ең алғашқы мемлекет болып Қазақстанның тәуелсіздігін таныған болатын. 1992 жылы 2 наурызда екі ел арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнатылды. Осыдан кейін Түрік Республикасының Премьер-министрі Сүлеймен Демирел Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев шақыртуымен көрсетілген жылдың сәуір-мамыр айларында елімізге ресми сапармен келген-тін. Осы сапар кезінде Елбасымыз бен С.Демирел арасында қазақ-түрік ынтымақтастығына байланысты мәселелер егжей-тегжейлі қарастырылды.

Екі жақ мәдениет, білім беру, ғылым мен техника саласында ынтымақтастықты одан әрі тереңдету, екі мемлекет азаматтары арасындағы байланыстарды кеңейту үшін,

сондай-ақ, ізгілік саласындағы байланыстарды дамыту үшін қажетті жағдай жасауға жәрдемдесу ниеттерін білдірді. Білім беру, ғылым, мәдениет пен спорт саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды [1].

1992 жылы 17-мамырда ҚР Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың Түркияда Қазақстан елшілігін ашу туралы Қаулысы шықты [2]. Ал 1993 жылғы 2 қыркүйекте Қазақстан Республикасы мен Түрік Республикасы арасында Консулдық конвенция қабылданғаны мәлім. Сондай-ақ, 1999 жылдан Стамбұлда Қазақстан Республикасының Консулдығы, ал 2002 жылдан Бас Консулдығы қызмет жасайды [3].

Қазақстан мен Түркия арасында әскери-стратегиялық ынтымақтастық қарым-қатынастарының іргетасы да осы кезеңде қаланды. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы Түркияның Қазақстанға өтеусіз әскери көмек көрсетуі туралы Шарт 1998 жылғы 29 шілдеде жасалған еді. Сондай-ақ, 2000 жылы 19 қазанда Астана қаласында Қазақстан мен Түркия арасындағы терроризмге қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық туралы бірлескен Декларация қабылданды.

Қазақ-түрік қарам-қатынасын айтқанда, ерекше мән беретін мәселе, Түркітілді мемлекет басшылары саммитін жеке атап көрсету қажет.

Түркітілді мемлекет басшыларының ең алғашқы басқосуы 1992 жылы Анкара қаласында өтті. Содан бері бауырлас мемлекеттердің Президенттері 1994 жылы Стамбұлда, 1995 жылы Бішкекте, 1996 жылы Ташкентте, 1998 жылы Астанада, 2000 жылы Бакуде, 2001 жылы Стамбұлда, 2006 жылы Антальяда бас қосып, түркі әлеміне қатысты келелі мәселелерді қарастырып келді. Мәселен, 2001 жылы 26 сәуірде – Стамбұлда өткен Түркітілді мемлекеттер басшыларының кезекті саммитінде Елбасы Азиядағы бейбітшілік пен тұрақтылық хартиясын әзірлеуді ұсынған болатын.

2009 жылдың 2-3 қазанында Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия мемлекет басшылары Әзірбайжан Республикасының Нахчыван қаласында кездесіп, Түркітілді мемлекет басшыларының IX саммитін өткізгені белгілі. Бұл саммитте түркітілдес мемлекеттер арасындағы түрлі салалардағы көпжақты және екіжақты қарым-қатынастарды және ынтымақтастықты одан әрі дамыту және тереңдету мәселелері қарастырылды. Әсіресе, өзара мүдделілік негізінде түркітілдес мемлекеттер арасындағы тарихи ортақтастық, тілі және мәдениетінің жақындығынан туындайтын қатынастар мен ынтымақтастықты дамытуға ерекше ден қойылды. Сондай-ақ, саммитте түркітілдес мемлекеттер арасындағы сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және гуманитарлық ынтымақтастыққа олардың әлеуеттеріне сәйкес жаңа серпін беру мақсатында қосымша шаралар қабылдау маңыздылығы аталып өтті.

Саммитте жеке қаралған мәселенің бірі- Баку-Тбилиси-Жейхан мұнай құбыры жұмысы туралы болды. Осы орайда Баку-Тбилиси-Жейхан және Баку-Тбилиси-Эрзурум стратегиялық мұнай және газ құбырлары жаһандық энергетикалық қауіпсіздігіне және өңір елдерінің тұрақты экономикалық дамуына қызмет көрсететіні айтылып, бұл мұнай құбырының Ақтау портымен байланысына ерекше мән берілді. Баку-Тбилиси-Карс теміржолы мәселесіне де саммитте аса назар қойылды.

Ғылым, білім, мәдениет, көркемдік, туристік, спорт және басқа да салалардағы қатынастарды нығайту маңыздылығы аталып өтіп, түркітілдес халықтар арасындағы рухани және гуманитарлық байланыстарды қолдау және кеңейту қажеттігі мәселелері көтерілді.

Өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайту, ынтымақтастықтың барлық салаларында өзара қарым-қатынастарды, тығыз байланыстар мен ортақ іс-әрекеттерді дамыту мәселесі, соның ішінде Ауғанстанның бейбіт түрде қалыптасуы, Ирактың аумақтық тұтастығы мен егемендігін сақтап қалуы және жалпы Ирак халқының ажырамас бөлігі болып табылатын түркі тектес қауымның құқықтары мен бостандығының кепілдігі қажет екендігі аталып өтті.

Саммитке қатысушы мемлекеттердің Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесі (АӨСШК) мен Еуропалық Одақ (ЕО), БҰҰ, Ислам

Конференциясы Ұйымы (ИКҰ) сияқты бірнеше халықаралық ұйымдар аясында бірлесіп қызмет ету мәселелеріне қатысты жүзеге асырылып жатқан іс-шаралар жеке көрсетілді. Сонымен қатар, саммитте терроризм, адам саудасы, есірткі заттары және психотроптық заттардың заңсыз айналымы, қылмыскерлік, соның ішінде, заңсыз қару-жарақ сату, сондай-ақ, халықаралық қауіпсіздікке қатер төндіретін басқа да қауіп-қатерлер мен қыр көрсетулерге қарсы күрестегі ынтымақтастық пен бірлескен іс-әрекеттердің маңыздылығы баса айтылды.

Бұл саммитте қабылданған аса маңызды шешім, бұл- Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін құру болды. ТҮРКСОЙ-дың Түркі әлеміндегі ортақ құндылықтарды бірдейлендіруде, дамытуда, тарату мен халықаралық деңгейде танымал етуде маңызды рөл атқаратыны атап көрсетіліп, Әзірбайжан Республикасы Президентінің әлем өркениетінің дамуына бағалы үлес қосқан бай түркі мәдени мұрасын сақтап қалу және қолдау жөніндегі ТҮРКСОЙ қорын құру туралы бастамасы саммитке қатысушы мемлекеттер арасында бірауыздан қолдау тапты [4].

2015 жылы қыркүйектің 11-інде Стамбұлда Қазақстан, Түркия, Әзірбайжан, Қырғызстан және Түрікменстан мемлекет басшылары қатысуымен Түркітілді мемлекет басшыларының X саммиті өтті. Саммитте Түркі Кеңесі Хатшылығының, Ақсақалдар алқасының және Түркі әлемі академиясының болашақ қызметі турасында айтылды. Сонымен қатар Саммитте өңірлік бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау, экономикалық ынтымақтастықты арттыру, Қырғызстандағы ахуалды тұрақтандыру сияқты халықаралық маңызды мәселелер қарастырылды.

2018 қыркүйектің 3-інде Қырғыз Республикасы, Шолпан-Ата қаласында Түркі тілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің VI саммиті өтті. Саммитті ашқан Нұрсұлтан Назарбаев Қырғыз Республикасының Президенті Сооронбай Жээнбековке дәстүрлі қонақжайлық көрсеткені үшін ризашылық білдіріп, саммитке Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёев пен Венгрия Премьер-Министрі Виктор Орбанның қатысып отырғанын ерекше атап өтті.

Қазақстанның төрағалығымыз барысында ғылыми-ағартушылық жұмыстарға айрықша көңіл бөлінді. Атап айтқанда, «Ортақ түркі тарихы» оқулығы әзірленіп, Әзербайжанның, Түркияның, Қырғызстанның және Қазақстанның мектеп бағдарламаларына енгізілді. Түркі Академиясы тарихымызды танытып, сананы жаңғыртуға бағытталған 90-нан астам кітап шығарды. Төрт мың жылдық мәдени мұрамызды жинақтап, оны жариялауға арналған «Аталар мирасы» порталы іске қосылды.

Туысқан елдердің тіршілік тамырын басып отыратын Түркбарометр әлеуметтік зерттеу жобасы жүзеге асырыла бастады. Туризм саласындағы әріптестігімізді жандандыру мақсатымен Заманауи Ұлы Жібек жолы атты жоба іске қосылды. Бұл Ұлы Жібек жолында орналасқан елдеріміздің көне тарихы мен мәдениетінен сыр шертетін киелі орындарын 14 күнде аралап шығуға мүмкіндік береді,- деді Қазақстан Президенті.[5]

2019 Казанның 15-інде Бакуде Түркі тілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің VII саммиті өтті. Бұрын ұйымға мүше мемлекеттердің саны төртеу-тін. Қазақстан, Түркия, Әзірбайжан, Қырғызстан. Төртеуі түгел кеңес биыл бестік боп нығайды. Өзбекстан – түркі кеңесінің мүшелігін иеленді.

Бауырмал халықтардың қарым қатынасын тереңдетуге мүдделі ұйымның құрылғанына 10-жыл. Бауырластық байланысты бағытталған кеңесті құру идеясын алғаш Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған болатын. Ережеп Тайф Ердоған өтінішімен, сол жерде әріптесерінің ой бірлігімен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өмір бойы Түрк Кеңесінің құрметті мәртебесі берілді.[6]

Түркі тілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің VI саммитіне қатысты

Мемлекеттер басшылары саммиттің қорытындысы бойынша бірнеше келісім шарттарға қол қойды: Олардың ішінде ең маңыздысы Венгрияға Түркі тілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесіндегі бақылаушы мәртебесін беру туралы шешім

болды. Осы саммитте төрағалық ету Қазақстаннан Қырғызстан 2019 жылы қазанның 15-інде Бакуде Түркі тілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің VII саммиті өтті. Бұрын ұйымға мүше мемлекеттердің саны төртеу-тін. Қазақстан, Түркия, Әзірбайжан, Қырғызстан. Төртеуі түгел кеңес биыл бестік боп нығайды. Өзбекстан – түркі кеңесінің мүшелігін иеленді. Бауырмал халықтардың қарым-қатынасын терендетуге мүдделі ұйымның құрылғанына – 10 жыл. Бауырластық байланысқа бағытталған кеңесті құру идеясын алғаш Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған болатын. Елбасының еңселі еңбегі еленіп, Түркия президенті Ережеп Тайф Ердоғанын өтінішімен, әріптестерінің ой бірлігімен Нұрсұлтан Назарбаевты бойы өмір Түркі Кеңесіне құрметті төраға мәртебесі берілді.

Осылайша, бастау көзі ата-бабалар тарихынан басталатын түрікшілдік идеясы өз тарихи жалғастығын XX ғасыр басында мәдениеті мен тарихы терең тамырлас бүкіл түркі әлемі халықтарының тұтастығын сақтап қалуды мұрат еткен Алаш зиялыларының қызметінен тапса, бүгінгі күні мұны Қазақстан, Түркия, Қырғызстан, Әзірбайжан, Түрікменстан сияқты және басқа да түркітілдес елдерінің ынтымақтастығы мен бірлігінен көруге болады. Ал мұның өзі бауырлас халықтардың тарихи жалғастығы мәңгі өшпестігінің айқын белгісі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Егеменді Қазақстан, 1992 жылғы 13 мамыр.
2. Егеменді Қазақстан, 1992 жылғы 19 мамыр.
3. Казахстан и страны мира. Алматы: Өнер. 2006.- Б.201.
4. Егемен Қазақстан, 2009 жылғы 6 қазан.
5. <http://www.akorda.kz/kz/events/kazakstan-prezidenti-turki-tildes-memleketterdin-yntymaktastyk-kenesinin-vi-sammitine-katysty> 01.04.2020
6. <https://qazaqstan.tv/news/117817/01.04.2020>